**Бекітілген**
**Академиялық кеңес**
**отырысында**
**№ 3 хаттама**
**«26» қарашада 2025**

**СОР атауы:** Ақылы оқудан мемлекеттік білім гранты бойынша оқуға көшу тәртібі.

**Нормативтік сілтемелер:**

1. «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін алу үшін жоғары немесе жоғарыдан кейінгі білімді ақылы негізде немесе білім гранты бойынша беру қағидалары». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 тамызда №33345 тіркелген.
2. С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ Академиялық саясаты.

**Терминдер мен анықтамалар:**

1. **Ақылы оқу формасы** – студенттің оқуын жеке немесе заңды тұлға төлейтін оқу формасы. Жеке тұлға ретінде студент өзі (егер 18 жастан асқан болса және материалдық мүмкіндігі болса) немесе оның ата-анасы (қамқоршылар, қамқоршылық органдары) қатыса алады. Заңды тұлғалар – ұйымдар, фирмалар.
2. **Мемлекеттік білім гранты** – мектеп түлектеріне немесе студенттерге мемлекет тарапынан білім алу үшін берілетін мақсаттық қаржы. Ақшаны бөлу шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында нақты реттелген.
3. **УС** – Университеттік Кеңес
4. **БК** – Бақылаушы Кеңес

**Мақсаты:**

Осы СОР С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-де ақылы оқудан мемлекеттік білім гранты бойынша оқуға көшу тәртібін анықтайды.

**Рәсім:**

| № | Не | Кім | Қашан | Кімге | Код | Құжат |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Университеттің сайтында бос гранттар саны көрсетілген ашық конкурс туралы хабарландыруды орналастыру (әрі қарай – Конкурс) | Тіркеуші кеңсе | Конкурсты өткізуге бір ай қалғанда | Университет сайты | | Хабарландыру |
| 2. | Конкурсқа қатысуға рұқсат сұрап өтініш беру | Білім алушы | Университеттің сайтында хабарландыру жарияланғаннан кейін, Конкурсты өткізуге бір ай қалған көрсетілген мерзім ішінде | АЖС (Білім алушының жеке кабинеті) | | Заявка |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | **Өтініш беру**<br>Ақылы негізде оқитын білім алушы университет басшысына жоғары немесе жоғарыдан кейінгі білім беру гранты бойынша әрі қарай оқуға рұқсат сұрап өтініш береді, сонымен қатар өзінің GPA баллын ашық қолжетімділікте жариялауға келісетінін көрсетеді (Қосымша:<br><br>жеке куәліктің көшірмесі;<br><br>АЖС (Білім алушының жеке кабинеті) жүйесінде Конкурсқа қатысуға өтініш берілгені туралы белгі). | Білім алушы | Университеттің сайтында хабарландыру жарияланғаннан кейін, Конкурс өткізуге бір ай қалған көрсетілген мерзім ішінде | Деканат | | Жеке куәліктің көшірмесі қосылған өтініш |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **3** | Өтінішті тіркеу, сканерлеу, өтініштің сканын Salem Office жүйесіне тіркеу: – өтініштің түпнұсқасын университет канцелериясына тапсыру. | Деканат | Өтініш қабылданған күні, сағат 16.00-ға дейін | Университет канцеляры | | Өтініш |
| **4** | Өтінішті тіркеу | Университеттің канцеляры | Өтініш түскен күні | Ректор немесе проректор | | Өтініш |
| **5** | Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешім | Ректор немесе Проректор | Өтініш университет канцелярына түскеннен кейін | Тіркеуші кеңсе | | Өтініш |
| **6** | Конкурс комиссиясының құрамын бекіту | Тіркеуші кеңсе | Конкурс комиссиясының отырысына дейін | Мектеп Кеңесі | | Приказ |
| **7** | Өтінішті тіркеу, құжаттар пакетінің бар-жоғын тексеру | Тіркеуші кеңсе | Білім алушының өтініші түскеннен кейін | Конкурс комиссиясы (деканатта) | | |
| 7.1 | GPA баллының мәнін есептеу, білім алушының транскриптін рәсімдеу | Тіркеуші кеңсе | Білім алушылардың өтініштерін қабылдау аяқталғаннан кейінгі 5 күн ішінде | Конкурс комиссиясы (деканатта) | | Білім алушылардың транскриптері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7.2 | Оқу процесі барысында босатылған мемлекеттік білім гранттарының санын анықтау, Конкурсқа өтініш берген білім алушылардың GPA бойынша рейтингін анықтау | Тіркеуші кеңсе | Конкурс комиссиясының отырысына дейін | Конкурс комиссиясы(деканатта) | | Білім алушылардың GPA баллы бойынша рейтингі, GPA көрсеткіші бар білім алушылар тізімі, транскрипттер |
| 8 | Конкурсты өткізу | Конкурс комиссиясы (деканатта) | Белгіленген мерзімдерге сәйкес (конкурс аяқталғаннан кейін 3–5 күн ішінде) | Тіркеуші кеңсе | | Конкурс комиссиясының отырысы хаттамасы |
| 9 | Конкурс нәтижелері туралы ақпаратты дайындау | Тіркеуші кеңсе/ Проректор | Белгіленген мерзімдерге сәйкес | Ғылыми (академиялық) кеңес | | Конкурс комиссиясының отырысы хаттамасынан ақпарат, үзінді |
| 10 | Мемлекеттік білім гранты бойынша оқуға көшіруге ұсынылған білім алушылар тізімі | Ғылыми (академиялық) кеңес | Өткізу кестесіне сәйкес | Тіркеуші кеңсе | | Ғылыми (академиялық) кеңес отырысы хаттамасынан үзінді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Конкурс нәтижелері туралы ақпаратты Университет сайтында орналастыру, бос гранттарға үміткерлердің деректері (GPA баллы көрсетілген, оқу бағдарламалары тобы, дайындық бағыты және курс бойынша бөлінген) | Мектептер/факультеттер деканаттары | Ғылыми (академиялық) кеңесте бекітілгеннен кейін | Университеттің сайты | | Ақпарат |
| 12 | Конкурс нәтижесі бойынша тиісті құжаттар тізімін жіберу | Тіркеуші кеңсе | Ғылыми (академиялық) кеңесте бекітілгеннен кейін (Қазақстан Республикасының БҒМҚ белгілеген мерзімдерінен кешіктірмей) | БҒМҚ ҚР | | Құжаттар пакеті |
| 13 | Бос грант берілгені туралы бұйрықты бекіту және шығару | БҒМҚ ҚР | Белгіленген мерзімдерге сәйкес | ҚазҰМУ | | Приказ |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | Университет бойынша біртұтас бұйрықты рәсімдеу:<br><br>-бос грант берілгені туралы<br><br>-стипендия тағайындалғаны туралы | Тіркеуші кеңсе | Қазақстан Республикасының БҒМҚ-дан тиісті бұйрық алынғаннан кейін | Ректор/ Проректор | | Приказ |
| 15 | Білім алушылармен мемлекеттік білім гранты негізінде білім беру қызметтерін көрсету туралы Келісім-шарт жасау ұйымдастыру | Деканат | ҚазҰМУ ректоры бұйрықты қол қойғаннан кейін | 1. Білім алушы<br>2. Студенттік канцеляры<br>3. Деканат | | Келісім-шарт (үш дана) |
| 16 | Стипендиялық картаны рәсімдеу үшін өтініш беру | Білім алушы | Мемлекеттік білім гранты негізінде білім беру қызметтерін көрсету туралы Келісім-шарт жасалғаннан кейін | Қазақстан Республикасының банктері | | Өтініш |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **17** | Білім алушының стипендиялық картасының 20 таңбалы нөмірін университет бухгалтериясына беру | 1. Білім алушы | Қазақстан Республикасының банкінен стипендиялық картаны алғаннан кейін | Бухгалтерия | | Стипендиялық картаның 20 таңбалы нөмірі бар бланкі |

**Ресурстар:**

1. Өтініш формасы – ақылы негізде оқитын білім алушы университет басшысына жоғары немесе жоғарыдан кейінгі білім беру гранты бойынша әрі қарай оқуға рұқсат сұрап, өзінің GPA баллын ашық қолжетімділікте жариялауға келісетінін көрсететін және Конкурсқа қатысуға рұқсат сұрайтын өтініш;
2. Жеке куәлікті растайтын құжат (идентификация үшін қажет);
3. Мемлекеттік білім гранты негізінде білім беру қызметтерін көрсету туралы Келісім-шарт.